«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«№32 «Қуаныш» балабақшасы» МКҚК

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№32 «Қуаныш» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалау қорытындысы



Ақтөбе қаласы

Сканировано с CamScanner

«Ақтөбе облысының білім басқармасының Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№32 «)уаныш» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының қызметіне өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытынды анықтамасы

1. Жалпы сипаттама, оның ішінде білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер;

1.Білім беру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін құрылтай және рұқсат беру құжаттарының болуы және олардың Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» және «Білім туралы» заңдарының талаптарына сәйкестігі

Талдау қорытындылары:

Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы, нақты орналасқан мекен-жайы):

Қазақстан Республикасы, индекс: 030000, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Тұрғын үй алабы Юго-Запад, көшесі Исатай Тайманов, құрылыс 20.

Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық почта, webсайт)

Телефон: 8(7132)577806,

электрондық пошта: **Kuanysh32@yandex.kz**

инстаграм парақшасы: https://www.instagram.com/

Wep-сайты: https://kuanysh32.edu.kz/kz

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ТАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер):

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№32 «Қуаныш» балабақшасы» МКҚК меңгерушісі: Лекерова Рима Амангалиевна, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №233 бұйрығымен меңгеруші лауазымына тағайындалды.

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар:

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Ақтөбе қаласы жер кадастры және тіркеу бөлімінің 2021 жылғы 21 қарашадағы Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама берілді. БСН 121140014496.

Құрылтайшы: «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Рұқсат беру құжаттары: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама 2015 жылғы 09 ақпанда берілген № KZ34XXX00006669.

«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді.

Қызметтің түрі: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында қызметті жүзеге асыру туралы хабарлама. Қызметтің жүзеге асырылуы уақыты мен күні: 09.02.2015 ж

2. Білім беру ұйымы басшысының «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750

Сканировано с CamScanner

болып тіркелген) бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкестігі

Талдау қорытындылары:

№32 «Қуаныш» балабақшасында тәрбиелеу мен оқыту қызметін мектепке дейінгі ұйым қызметінің тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде ұйымдастырылған. Қазақстан Республикасының заңдарын, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілері басшылыққа алынған. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында: Балабақшада жұмыс жасайтын педагогтер өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болу, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында үш жылда бір рет біліктілік арттыру курстарынан өтіп отырды.

2024-2025 оқу жылындағы педагогтердің білімі туралы мәлімет

Педагог саны	Жоғары білімді	Орта арнаулы білімді
16-100 %	10-63%	6-37%

Барлық педагогтердің тиісті бейін бойынша педагогикалық жоғары немесе орта арнаулы білімі бар, педагогикалық білімі бар педагогтер тиісті бейін бойынша қайта даярлау курсынан өткен. (Әдістемелік ұсынымдағы 2-қосымша)

Педагогтердің біліктілік санаты туралы мәлімет

Педагог саны	Басшы санаты	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Бірінші санатты	Санаты жоқ
16	Басшы-менеджер – 1 - 6%	0	1- 6%	5-31%	6-38%	1-6%	2-12%

Санаты жоқ педагогтер саны-2, олар: тәрбиеші Шабакова Г.Ш., жұмысқа кірген күні 03.10.2022 ж., еңбек өтілі 2,10 жыл болған жас маман. Педагогтың еңбек өтілі 5 жыл толмаған. Сандықтан, 2025-2026 оқу жылында ПББ тестілеуіне барады. Тәрбиеші Мамбеткулова Э.С., еңбек өтілі 5 жыл 6 ай, ПББ тестіне 2 мәрте «Педагог-модератор» санатына өтініш беріп тесттен өте алмады. (қосымша: Сертификат ұсынылды).

№32 «Қуаныш» балабақшасында жалпы - 16 педагог жұмыс жасады. 01 қазан 2024 жылы тәрбиеші Орынбаева Гүлжанат Қылышбайқызы декреттік демалыска шығуына байланысты, тәрбиешінің бос орнына 01.10.2024-31.01.2025ж. күндер аралығында Уразбаева Гулмира Жусуповна жұмысқа қабылданып, жұмыстан өз өтініші бойынша босатылды.

Педагогтердің біліктілік арттыру курсынан өтуі туралы мәлімет

Педагог саны	Соңғы 3 жылда курстан өткен педагогтер	Курстан өтпеген педагогтер
16-100%	16-100%	0

Сканировано с CamScanner

Педагогтердің 100% үлесі біліктілік арттыру курсынан өткен. *(Әдістемелік ұсынымдағы 2-қосымша)*

2025-2026 оқу жылындағы педагогтердің білімі туралы мәлімет

Педагог саны	Жоғары білімді	Орта арнаулы білімді
16-100 %	11-69%	5-31%

Барлық педагогтердің тиісті бейін бойынша педагогикалық жоғары немесе орта арнаулы білімі бар, педагогикалық білімі бар педагогтер тиісті бейін бойынша қайта даярлау курсынан өткен.

Декреттік демалыстағы тәрбиешінің бос орнына 19.02.2025 - 17.09.2025ж. күндер аралығында Рсалиева Светлана Тажетовна жұмысқа қабылданып, өз өтініші бойынша босатылды. *(Әдістемелік ұсынымдағы 2-қосымша)*

Педагогтердің біліктілік санаты туралы мәлімет

Педагог саны	Басшы санаты	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Санаты жоқ
16	Басшы-менеджер – 1 - 6%	0	1-6%	7-44%	6-38%	1-6%

Санаты жоқ педагогтер саны-1, олар: тәрбиеші Шабакова Г.Ш., жұмысқа кірген күні 03.10.2022 ж., еңбек өтілі 3 жыл 10 ай жас маман болған.

Педагогтердің біліктілік арттыру курсынан өтуі туралы мәлімет

Педагог саны	Соңғы 3 жылда курстан өткен педагогтер	Курстан өтпеген педагогтер
16-100%	16-100%	0

2026-2027 оқу жылындағы педагогтердің білімі туралы мәлімет

Педагог саны	Жоғары білімді	Орта арнаулы білімді
16-100 %	10-63%	6-37%

Барлық педагогтердің тиісті бейін бойынша педагогикалық жоғары немесе орта арнаулы білімі бар, педагогикалық білімі бар педагогтер тиісті бейін бойынша қайта даярлау курсынан өткен. 2026 жылдың 12 мамыр – 14 қыркүйек күндер аралығында Тасмағанбетова А.О. – білімі арнаулы орта, мәртебесі педагог, еңбек өтілі 3 жыл 6 ай, жас маман жұмыс жасады. Негізгі қызметкер тәрбиеші Орынбаева Гүлжанат Қылышбайқызы 14 қыркүйек 2026 жыл жұмысқа қосылды. *(Әдістемелік ұсынымдағы 2-қосымша)*

Педагогтердің біліктілік санаты туралы мәлімет

Педагог саны	Басшы санаты	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Санаты жоқ
16	Екінші санатты басшы-1-6%	0	1-6%	8-50%	6-38%	0

Педагогтердің біліктілік арттыру курсынан өтуі туралы мәлімет

Педагог саны	Соңғы 3 жылда курстан өткен педагогтер	Курстан өтпеген педагогтер
16-100%	16-100%	0

Сканировано с CamScanner

Балабақша педагогтері кәсіптік қызметті жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарын сақтай отырып, тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастырудың нысандарымен тәсілдерін қолданады. Штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы «№32 «Қуаныш» балабақшасы» МКҚК балабақшасының ресми сайтында - https://kuanysh32.edu.kz/ орналастырылған.

3. Мектепке дейінгі ұйым түрінің «Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 503 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8390 болып тіркелген) сәйкес білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкестігі.

Талдау қорытындылары:

Мектепке дейінгі ұйымның түрі «Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 503 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкес келеді. Балабақшаның номенклатурасы мекеменің ресми сайтында орналастырылған. Талап орындалған.

4. Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру ұйымы бекіткен жұмыс жоспарлары мен алқалы органдар отырыстары хаттамаларының болуы және олардың қызметінің: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5229 болып тіркелген), «Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын және оны сайлау тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15584 болып тіркелген), «Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқуәдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33285 болып тіркелген), «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20619 болып тіркелген) талаптарына сәйкестігі Талдау қорытындылары: Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті жағдайлар қамтамасыз етілген. Білім беру ұйымы бекіткен жұмыс жоспарлары мен алқалы органдардың отырыс хаттамалары жүргізіледі және қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес рәсімделген. 2024–2025, 2025–2026 және 2026-2027 оқу жылдары бойынша педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, қамқоршылық кеңес және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарлары мен отырыс хаттамалары толық көлемде ұсынылды.

Сканировано с CamScanner

Құжаттар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің қағидаларын бекіту туралы» №272 бұйрықтың, «Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын және оны сайлау тәртібін бекіту туралы» №355 бұйрықтың, «Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №253 бұйрықтың және «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» №190 бұйрықтың талаптарына сәйкес жүргізілген. Аталған құжаттар мекеменің ресми сайтында орналастырылған. Талапқа сәйкес келеді.

1) тәрбиеленушілер мен білім алушылар контингенті;

8.«Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкес балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптардың сақталуы

Талдау қорытындылары:

2024-2025 оқу жылында балабақшада тізім бойынша 150 тәрбиеленуші, 2025-2026 оқу жылында 150 тәрбиеленуші, ал 2026-2027 оқу жылында 149 тәрбиеленуші тәрбиеленді *(Әдістемелік ұсынымның 3-қосымшасы)*. Тәрбиеленушілерді қабылдау, шығару және мектепке жіберу туралы бұйрықтар, сондай-ақ атааналармен жасалған келісім-шарттар ұйымның сайтында орналастырылған. Жаңа оқу жылында тәрбиеленушілерді бір топтан екінші топқа ауыстыру кезінде олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес топтастыру талаптары сақталған.

9. Ерекше білім беру қажеттіліктері (бұдан әрі – ЕББҚ) бар тәрбиеленушілер болған жағдайда, Үлгілік қағидаларға сәйкес топтарды жинақтау талаптарының сақталуы

Талдау қорытындылары:

2026–2027 оқу жылында №32 «Қуаныш» балабақшасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар 1 тәрбиеленуші тәрбиеленуде. Аты-жөні Курамысова Адина – 2020 жылғы 6 жаста. Мектепалды тобында тәрбиеленеді. Себебі, рұқсат етілген қорытынды анықтамасы бар. *(қосымша: анықтама қорытындысы ұсынылды)*. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мақсатында жеке дамыту жұмыстары ұйымдастырылған. 2026-2027 оқу жылына арналған тәрбиешілердің, психологтың, музыкалық жетекшінің жұмыс жоспарлары әзірленіп, жеке түзету-дамыту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілген. Топтарды жинақтау кезінде Үлгілік қағидалардың талаптары сақталған. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілермен жүргізілген жұмыс жоспарлары мен құжаттамалар толық көлемде ұсынылып, мекеменің ресми сайтына орналастырылған. Талапқа сәйкес келеді.

2) білім беру ұйымдарындағы оқу-әдістемелік жұмыс;

11.Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау мен іске асырудың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348

Сканировано с CamScanner

бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі – МЖМБС), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҮОЖ), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҮОБ) талаптарына сәйкестігі

Талдау қорытындылары:

Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау және іске асыру Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Талдау барысында жоспарлау құжаттарының толық жиынтығының болуы анықталды. 2024–2025, 2025–2026 оқу жылдары және 2026-2027 оқу жылының қыркүйек айы бойынша жұмыс оқу жоспарлары, перспективалық жоспарлар, циклограммалар және тәрбиеленушілердің жеке даму карталары толық көлемде жүргізілген және бекітілген. Құжаттарды зерделеу нәтижесінде жоспарлау мен тәрбиелеу-білім беру процесін нақты іске асыру арасында сәйкессіздіктер анықталған жоқ. Құжаттама талаптарға сәйкес рәсімделген және жүйелі түрде жүргізіледі. Балабақша педагогтері өздерінің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында тұрақты түрде кәсіби байқауларға қатысып, ғылыми-әдістемелік семинарлар мен конференцияларда тәжірибе алмасады. *(сайттың «Әдістемелік жұмыс» бөліміне орналастырылған)*. Сонымен қатар, педагогтер қала, облыс және республика деңгейіндегі басылымдарда мақалалар жариялап, әдістемелік құралдар мен электрондық білім беру ресурстарын әзірлеу және енгізу жұмыстарын жүзеге асыруда. Жүргізілген талдау нәтижесінде оқу-әдістемелік жұмыстың мазмұны педагогтердің кәсіби дамуын қамтамасыз етуге бағытталған және қолданыстағы талаптарға сәйкес ұйымдастырылғаны анықталды.

12. Күн тәртібінің сақталуы және МЖМБС көзделген балалар қызметінің түрлерін ұйымдастырудың қамтамасыз етілуі

Талдау қорытындылары:

Балабақшада күн тәртібінің сақталуы толық қамтамасыз етілген. Тәрбие-білім беру процесі Қазақстан Республикасы МЖМБС талаптарына сәйкес жоспарланып, балалар қызметінің барлық түрлері (ойын, оқу, серуен, еңбек, қимыл-қозғалыс, дербес іс-әрекет) жүйелі түрде ұйымдастырылған. Әр оқу жылына арналған күн тәртібінің көшірмелері білім беру ұйымының сайтына орналастырылған. Күн тәртібі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып

Сканировано с CamScanner

жасақталып, күнделікті тәрбие-білім беру процесінің тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді. Талдау нәтижесінде күн тәртібінің сақталуы және балалар қызметінің түрлерін ұйымдастыру белгіленген нормативтік талаптарға сәйкес жүзеге асырылғаны анықталды.

13. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқатын, жан-жақты және тұтас дамуын қамтамасыз ететін, балаларға қызмет түрлерін және бірлескен іс әрекет қатысушыларын таңдауға мүмкіндік беретін дамытушы ортаның құрылуы

Талдау қорытындылары:



Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етуге, жан-жақты және тұтас дамуына жағдай жасауға бағытталған дамытушы орта қалыптастырылған. Топ бөлмелерінде балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру салалары бойынша орталықтар, кітап орталығы, денсаулық, шығармашылық орталықтары, қимыл-қозғалыс ойындарына арналған аймақтар, ұлттық мәдениетті танытатын бұрыштар және басқа да дамытушы материалдар орналастырылған.

Заттық-дамытушы орта балалардың еркін таңдау жасауына, бірлескен іс әрекетке қатысуына және түрлі қызмет түрлерін өз бетінше орындауына мүмкіндік береді. Барлық жабдықтар мен материалдар балалар үшін қолжетімді және қауіпсіз түрде ұйымдастырылған. Дәлелдеуші фото және бейнематериалдар білім беру ұйымының ресми сайтына жүктелген. Талдау нәтижесінде дамытушы ортаның құрылуы тәрбиеленушілердің жанжақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталып, қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес келетіні анықталды.

14. ЕББҚ бар балаларға, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларға білім алу үшін Үлгілік қағидаларға сәйкес арнайы жағдайлардың жасалуы

Талдау қорытындылары:

№32 «Қуаныш» балабақшасы» МКҚК – да мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, тәрбиеленушілерге арналған тосқауылсыз орта: әжетхана бөлмесі, мнемосызба, пандус, көмекке шақыру түймесі, тактильді жолдар орналастырылған.



15. ҮОБ мазмұнын меңгеру деңгейін айқындау бойынша мониторинг нәтижелерінің болуы

Талдау қорытындылары:

Сканировано с CamScanner

Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін айқындау мақсатында 2024–2025, 2025–2026 оқу жылдары бойынша қыркүйек, қаңтар және мамыр айларында (бастапқы, аралық, қорытынды кезеңдер) және 2026-2027 оқу жылының қыркүйек айына жүргізілген бастапқы мониторинг нәтижелері жүйеленіп, білім беру ұйымының сайтына жүктелген. Мониторинг материалдарына тәрбиеленушілерге жүргізілген бақылау парақтары, әр балаға арналған жеке даму карталары, тәрбиешілердің жиынтық есептері және әдіскер тарапынан жинақталған жалпы балабақша тәрбиеленушілері бойынша қорытынды жиынтық есептер енгізілген. Балабақша тәрбиеленушілері бойынша жүргізілген жиынтық есеп нәтижелері негізінде 2024–2025, 2025–2026 оқу жылдарында балалардың біліктері мен дағдыларының даму динамикасы қорытындыланған. 2024-2025 оқу жылында 147 тәрбиеленуші бойынша қорытынды кезеңде жоғары деңгей көрсеткіші: физикалық даму дағдысы – 89%, коммуникативтік дағды – 86%, танымдық-зияткерлік дағды – 86%, шығармашылық дағдылар – 87%, әлеуметтік-эмоционалдық дағды – 87% құраған. 2025-2026 оқу жылында 150 тәрбиеленуші бойынша бұл көрсеткіштер: физикалық даму – 87%, коммуникативтік – 89%, танымдық-зияткерлік – 85%, шығармашылық –85%, әлеуметтік-эмоционалдық – 86% деңгейінде болған.

2026-2027 оқу жылында 149 тәрбиеленуші бойынша жоғары деңгей көрсеткіштері оқу жылының аяқталмаына байланысты қорытынды кезең жасалынған жоқ. Жалпы талдау нәтижелері тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының дамуында тұрақты оң динамиканың қалыптасқанын және оқу-тәрбие процесінің тиімділігін көрсетеді. Жүргізілген талдау нәтижесінде мониторинг жұмыстарының жүйелі түрде ұйымдастырылғаны, деректердің толық жинақталғаны және Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін құжаттаманың талаптарға сәйкес рәсімделгені анықталды.

16. Жеке даму картасында бақылау нәтижелері (бастапқы, аралық, қорытынды) бойынша іс-шаралардың жүргізілуі

Талдау қорытындылары:

Бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг нәтижелеріне сәйкес 2024-2025, 2025-2026 және 2026-2027 оқу жылдары ішінде 6 топ тәрбиеленушілерінің әрқайсысына жеке даму карталары әзірленіп, дамыту және түзету бағытындағы іс-шаралар жүргізілді. Жұмыстар мониторинг қорытындыларына сәйкес жоспарланып, тәрбиеленушілердің даму динамикасын қамтамасыз етуге бағытталды. Жеке даму карталары толық рәсімделіп, білім беру ұйымының сайтында орналастырылған.

17. Оқу жылының басына қарай тәрбиеленушілерді жас топтарына ауыстыру және оларды Үлгілік қағидаларға сәйкес қалыптастыру талаптарының сақталуы

Талдау қорытындылары:

Оқу жылының басында тәрбиеленушілер жас ерекшеліктеріне сәйкес жас топтарына ауыстырылып, топтар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген МЖМБС талаптарына сәйкес қалыптастырылған. Бағалау кезеңіндегі тәрбиеленушілер тізімі әдістемелік ұсынымдардың 3-қосымшасына сәйкес бекітіліп, сайтқа

Сканировано с CamScanner

жүктелген. Талдау нәтижесінде аталған талаптардың толық сақталғаны анықталды.

18. Балалардың ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту

Талдау қорытындылары:

Балалардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес жүйелі түрде ұйымдастырылып, жүзеге асырылған. Ата-аналармен өзара ынтымақтастықтың әртүрлі нысандары қолданылған, атап айтқанда: ата-аналар жиналыстары, кеңестер, тренингтер, ашық есік күндері, мерекелік ертеңгіліктер, спорттық сайыстар, көрмелер, акциялар және басқа да бірлескен іс-шаралар өткізілген. Жүргізілген жұмыстар ата-аналардың тәрбиелеу-білім беру процесіне белсенді қатысуына, педагогтермен өзара байланысының нығаюына және бала дамуына қолайлы орта қалыптастыруға ықпал еткен. Ата-аналардың қатысуы мен өткізілген іс-шаралардың нәтижелері тиісті құжаттарда, хаттамаларда, жоспарлар мен анықтамаларда көрініс тапқан. Ата-аналардың қатысуы мен өзара іс-қимыл нәтижелері тиісті құжаттамада көрсетіліп сайтқа жүктелген. Талдау нәтижесінде ата-аналармен жұмыс талаптарға сәйкес ұйымдастырылғаны анықталды.

3) материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

19. Мектепке дейінгі ұйымдардың жабдықтары мен жиһазының «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 болып тіркелген) бекітілген жарақтандыру нормаларына сәйкестігі (бұдан әрі – Жарақтандыру нормалары) Талдау қорытындылары: Әдістемелік ұсынымдардың 4-қосымшасына сәйкес бағаланатын кезеңдегі балабақшаның жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз етілуі туралы мәліметтер ұсынылып, білім беру ұйымының сайтына жүктелген. Сондай-ақ материалдық-техникалық базаның жай-күйін растайтын фото және бейнематериалдар сайтта орналастырылған.







Ұйымның материалдық-техникалық базасын талдау нәтижесінде топ бөлмелері, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға арналған жабдықтар, балалар жиһазы, ойын және дамытушы құралдар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен бекітілген жарақтандыру нормаларына сәйкес қамтамасыз етілгені анықталды. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған және қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес келеді.

20. «Қазақстан Республикасының білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын терроризм тұрғысынан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27414 болып тіркелген) сәйкес бейнебақылау жүйесінің болуы және қауіпсіздік жағдайларының сақталуы

Талдау қорытындылары:

Сканировано с CamScanner

Мектепке дейінгі ұйымда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын терроризм тұрғысынан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық» талаптарына сәйкес қауіпсіздік шаралары ұйымдастырылған. Ұйымда ішкі және сыртқы бейнебақылау жүйелері тұрақты жұмыс істейді, хабардар ету жүйесі, дабыл түймесі және домофон жүйесі орнатылған. Терроризмге қарсы қорғалу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шаралар толық көлемде жүзеге асырылуда. Бағалау кезеңіне қатысты қауіпсіздік талаптарының сақталуын растайтын құжаттар, оның ішінде қауіпсіздік қызметтерін көрсету жөніндегі келісімшарттар, террористік тұрғыдан осал объектінің паспорты, жауапты қызметкерлердің оқудан өткені туралы сертификаттарының көшірмелері білім беру ұйымының сайтына жүктелген. Талдау нәтижесінде ұйымдағы бейнебақылау жүйесі мен қауіпсіздік шараларының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер талаптарына сәйкес қамтамасыз етілгені анықталды.

4) оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстар;

21. ҮОБ-ға сәйкес мектепалды даярлықты іске асыратын білім беру ұйымдары үшін «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, жекелеген пәндер бойынша базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған, оның ішінде электрондық нысандағы оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20708 болып тіркелген) сәйкес оқу-әдістемелік кешендердің болуы

Талдау қорытындылары:

Сканировано с CamScanner

2024-2025, 2025-2026 және 2026-2027 жылдар бойынша оқу-әдістемелік қамтамасыз ету туралы мәліметтер әдістемелік ұсынымдардың 5-қосымшасына сәйкес білім беру ұйымының сайтына жүктелген. Оқу-әдістемелік ресурстардың қолжетімділігін растайтын фото және бейнематериалдар да сайтта орналастырылған.

Мектепке дейінгі ұйымның барлық жас топтарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығымен бекітілген оқу-әдістемелік кешендер қолданылады. Тәрбие-білім беру процесі тиісті оқу бағдарламалары мен әдістемелік құралдар негізінде ұйымдастырылған.

Талдау нәтижесінде оқу-әдістемелік қамтамасыз ету қолданыстағы нормативтікқұқықтық актілер талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

22. Жарақтандыру нормаларына сәйкес тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимылқозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін оқу және ойын материалдарының болуы

Талдау қорытындылары:

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған оқу және ойын материалдарымен қамтамасыз етілген. Топ бөлмелерінде балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамытушы ойындар, көрнекі құралдар, дидактикалық материалдар, конструкторлар, шығармашылыққа арналған құралдар, спорттық және қимыл-қозғалыс жабдықтары орналастырылған. (сайтқа фото-видео материалдар жүктелген) Оқу және ойын материалдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен бекітілген жарақтандыру нормаларына сәйкес жабдықталған. Материалдар тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына, танымдық белсенділігін арттыруға және өздігінен әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Талдау нәтижесінде оқу және ойын материалдарының болуы мен қолжетімділігі жарақтандыру нормаларының талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

23. Тәрбиелеу-білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қамтамасыз етілуі және пайдаланылуы


Талдау қорытындылары:

Балабақшада тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін қажетті ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз ету жұмыстары талаптарға сәйкес жүзеге асырылған. Ұйым интернет желісіне қосылған, педагогтер мен тәрбиеленушілердің білім беру ресурстарына қолжетімділігі қамтамасыз етілген және ақпараттық-білім беру ресурстары оқутәрбие процесінде тиімді пайдаланылуда. Сонымен қатар, балабақшаның музыка залында LED-экран, теледидар орнатылған, ал топ бөлмелерінде интернет желісіне қосылған теледидарлар бар, бұл оқу-тәрбие процесінде заманауи цифрлық технологияларды тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Білім беру ұйымының ресми сайты мен әлеуметтік желідегі (Instagram) парақшасы тұрақты түрде жаңартылып, үздіксіз жұмыс істейді. Ата-аналар үшін ұйым қызметі, өткізілетін іс-шаралар, нормативтік құжаттар және өзге де қажетті ақпараттар қолжетімді әрі ашық түрде ұсынылған.

Сканировано с CamScanner

Талдау нәтижесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілуі, интернет желісіне қолжетімділігі және ақпараттық ресурстарды пайдалану қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келетіні анықталды.





24. Ресми интернет-ресурстың және edu.kz домендік аймағындағы домендік атаудың болуы

Талдау қорытындылары:

Мектепке дейінгі ұйымның ресми интернет-ресурсы https://kuanysh32.edu.kz/ мекенжайы бойынша тұрақты жұмыс істейді және edu.kz домендік аймағында тіркелген. Ресми сайт арқылы білім беру ұйымының қызметі туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі қамтамасыз етілген. Сайтта ұйымның қызметіне қатысты нормативтік құжаттар, өзін-өзі бағалау материалдары, жаңалықтар, тәрбиелеу-білім беру процесі туралы ақпарат және ата-аналарға арналған қажетті мәліметтер жүйелі түрде орналастырылып, уақтылы жаңартылып отырады. Интернет-ресурста жарияланған ақпараттың мазмұны қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келеді.

Талдау нәтижесінде білім беру ұйымының ресми интернет-ресурсының болуы және оның edu.kz домендік аймағында тіркелуі белгіленген талаптарға толық сәйкес келетіні анықталды.



Сканировано с CamScanner

Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары:

Мектепке дейінгі ұйым топтарының материалдық-техникалық жабдықталуын одан әрі жетілдіру қажеттілігі сақталуда. Осыған байланысты оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру және тәрбиеленушілер үшін қолайлы, заманауи білім беру ортасын қалыптастыру мақсатында топтарды қосымша оқуәдістемелік құралдармен, дамытушы ойындармен, жиһаздармен, цифрлық және техникалық жабдықтармен кезең-кезеңімен толықтыру жұмыстары жоспарлануда. Аталған мәселені шешу мақсатында қалалық білім бөлімі тарапынан қаржыландыру мүмкіндігін қарастыру, сондай-ақ демеушілерді тарту арқылы мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын кезең-кезеңімен нығайту және топтарды қажетті оқу-дамытушы құралдармен, заманауи жабдықтармен толықтыру жұмыстары жоспарлануда. Сонымен қатар педагог кадрлардың сапалық құрамын арттыру қажеттілігі атап өтіледі. Бұл бағытта педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан өтуі, кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, тәжірибе алмасу жұмыстарын күшейту және кадрлардың санаттылығын арттыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу жоспарлануда. Қорытынды мен ұсыныстар: «Ақтөбе облысының білім басқармасының Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ «№32 «Қуаныш» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді. Өзін-өзі бағалау қорытындысын комиссия 2026 жылғы 28 мамырдағы қорытынды педагогикалық кеңестің отырысында карады және білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілді. «№32 «Қуаныш» балабақшасы» МКҚК өзін-өзі аттестаттау комиссиясы:

Комиссия төрағасы: _____ **Лекерова Р.А.**

Мүшелері:

_____ **Боташова У.Ж.**

_____ **Бимашева Ф.Ж.**

_____ **Сүйінбаева Ж.Қ.**

_____ **Аяпбергенова И.Х.**

Сканировано с CamScanner